

**Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдарының өзара әкімшілік көмегі туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 19 мамырдағы № 429 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдарының өзара әкімшілік көмегі туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдарының өзара әкімшілік көмегі туралы келісімге қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министри*

*K. Мәсімов*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметтің ініц

2010

жылғы

19

мамырдағы

№

429

қаулысымен

мақұлданған

Жоба

**Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдарының өзара әкімшілік көмегі туралы келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың шенберіндегі кеден одағына мүше мемлекеттерінің (бұдан әрі - кеден одағы) үкіметтері,

2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағының Кеден кодексі туралы шартқа негізделе отырып, төмендегілер туралы келісті:

**I-бөлім. Жалпы ережелер**

**1-бап**

**Келісімнің әрекет ету саласы**

Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдары (бұдан әрі - кеден органдары) осы Келісімнің ережелеріне сәйкес:

кеден одағы кеден заңнамасының және кеден одағына мүше мемлекеттер заңнамасының сақталуын қамтамасыз етуге ықпал ететін ақпаратпен алмасады; кеден одағына басқа мүше мемлекеттің кеден органының тапсырмасы бойынша кедендейдік бақылаудың жеке нысандарын жүргізеді; кеден органдары қабылдаған шешімдерді өзара таниды.

## 2-бап

### **Осы Келісімде пайдаланылатын терминдер**

Осы Келісімде мынадай терминдер мен олардың анықтамалары пайдаланылады:

1) орталық кеден органдары:

Беларусь Республикасы үшін - Беларусь Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті;

Қазақстан Республикасы үшін - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендейдік бақылау комитеті;

Ресей Федерациясы үшін - Ресей Федерациясының Федералдық кеден қызметі;

2) аумақтық кеден органдары:

Беларусь Республикасы үшін - кедендер;

Қазақстан Республикасы үшін - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендейдік бақылау комитетінің облыстар (республикалық маңызы бар қалалар, астана) бойынша аумақтық бөлімшелер, кедендер;

Ресей Федерациясы үшін - өнірлік кедендейдік басқармалар мен кедендер;

3) сұрау салушы кеден органы - осы Келісімге сәйкес сұрау салуды жіберетін кеден орталықтары;

4) сұрау салынатын кеден органы - осы Келісімге сәйкес сұрау салуды алған кеден орталықтары;

5) тапсырма беретін кеден органы - осы Келісімге сәйкес тапсырманы жіберетін кеден органы;

6) атқарушы кеден органы - осы Келісімге сәйкес тапсырманы алған кеден органы.

## **II-бөлім. Кеден органдары арасында ақпаратпен алмасу**

## 3-бап

### **Ақпаратпен алмасуды ұйымдастыру**

1. Кеден органдары кеден одағы кеден заңнамасының және (немесе) кеден одағына мүше мемлекеттер заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ кеден одағының кеден заңнамасы және (немесе) кеден одағына мүше мемлекеттер заңнамасы бұзушылықтарының алдын алу үшін бір-біріне өзінің

бастамасы немесе сұрау салуы бойынша ақпаратты, оның ішінде құжаттарды және олардың расталған көшірмелерін ұсынады.

2. Кеден органдары арасында ақпаратпен алмасу жазбаша және (немесе) электронды нысандада:

сұрау салуларды жіберу және ақпаратты ұсыну;  
акпаратты өз бастамасы бойынша жіберу;  
нормативтік және өзге құқықтық актілермен алмасу арқылы жүргізіледі.

3. Орталық кеден органдары ақпараттық алмасу үшін мәліметтердің құрамын бірге айқындайды, ақпараттық өзара іс-қимылдың техникалық шарттарын және деректерді өндеу мен берудің технологиясын, ақпаратты қорғау бойынша талаптарды әзірлеуді және келісуді жүзеге асырады.

4. Орталық кеден органдары осы Келісімге қол қойылғаннан кейін алты ай ішінде осы Келісімнің 4-бабында көзделген Ақпаратты электронды нысандада алмасуды ұйымдастыру бойынша техникалық шарттарды, оның ішінде:

- 1) ақпаратпен алмасуды ұйымдастыру тәртібін;
- 2) ақпаратты ұсыну тәсілдерін;
- 3) ақпаратты қорғау бойынша талаптарды;

4) ақпараттың құрылымын, құрамын және форматын келіседі. Электронды нысандада ақпаратпен алмасу оның техникалық дайындығы қамтамасыз етілгеннен кейін кеден органдары арасында жүзеге асырылады, бұл туралы орталық кеден органдары бір-бірін жазбаша хабарда етеді.

5. Орталық кеден органдары ақпаратпен өзара алмасуды: тәуекелдерді барынша төмендету жөнінде қабылданатын шаралар және кедендік бақылауды жүргізу тиімділігін арттыруға ықпал ететін өзге ақпарат бойынша;

Сыртқы экономикалық қызметтің Бірыңғай тауар номенклатурасы (бұдан әрі - СЭК ТН) бойынша тауарлардың сыныптамасы жөніндегі алдын ала шешімдер бойынша;

кедендік сарапшылардың қорытындылары бойынша; тауарларды кеден одағының кедендік аумағынан тысқары жерлерге іс жүзінде әкетуді бақылау кезінде;

тауарларды орталық кеден органы айқындайтын тәртіппен кедендік транзит кедендік рәсіміне сәйкес кеден одағының кедендік аумағы бойынша тасымалдауды бақылау кезінде;

орталық кеден органы айқындайтын өзге ақпаратпен алмасуды жүзеге асыруға құқылды.

#### 4-бап

#### Электронды нысандада ақпаратпен алмасу

Орталық кеден органдары электронды нысандада мынадай ақпаратпен тұрақты алмасуды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік құпияға жататын мәліметтерді қоспағанда осы Келісімнің З-бабының 4-тармағына сәйкес Ақпаратпен электронды алмасуды ұйымдастыру жөніндегі техникалық шарттарда айқындалған келісілген ұстанымдар бойынша кедендік декларациялардың дерек қорынан мәліметтер;

2) мемлекеттік құпияға жататын мәліметтерді қоспағанда осы Келісімнің З-бабының 4-тармағына сәйкес Ақпаратпен электронды алмасуды ұйымдастыру жөніндегі техникалық шарттарда айқындалған келісілген ұстанымдар бойынша СЭҚ БТН бойынша тауарлардың сыныптамасы жөніндегі алдын ала шешімдердің дерек қорынан мәліметтер.

## 5-бап

### Сұрау салуларды жіберу негіздері

1. Құжаттар мен мәліметтерді ұсыну туралы сұрау салуды (бұдан әрі - сұрау салу) жиберу негіздері:

1) ақпаратпен алмасу нәтижесінде тауарлар, халықаралық тасымалдаудағы көлік құралдары және (немесе) тауарларға қатысты өкілдіктері бар тұлғалар туралы мәліметтердегі ауытқушылықтарды анықтау;

2) кеден органы сұрау салуды жіберетін кеден одағы кеден заңнамасының және (немесе) кеден одағына мүше мемлекет заңнамасының талаптарын ықтимал бұзушылықтар туралы куәландыратын деректердің бар болуы;

3) кеден органының кедендік бақылауды жүргізуі болып табылады.

2. Сұрау салу осы баптың 1-тармағында көзделмеген басқа негіздер бар болған кезде жіберілуі мүмкін.

## 6-бап

### Сұрау салуларды жіберу тәртіби

1. Сұрау салулармен және оларға жауаптармен алмасу орталық кеден органдары арасында да, тікелей аумақтық кеден органдары арасында да жүзеге асырылады.

Сұрау салуды қандай кеден органына жіберу қажеттілігі айқындау мүмкін болмаған жағдайларда, сұрау салуларды жіберу орталық кеден органдары арқылы жүзеге асырылады.

2. Сұрау салу сұрау салушы кеден органының бастығы (басшысы) немесе оның орынбасары қол қойған хатпен ресімделеді.

Сұрау салулар мен сұрау салуларға жауаптарды электронды поштамен немесе факсимильді байланыспен, оларды кейіннен пошта арқылы жіберумен жолдауға жол беріледі.

### 3 . Сұрау салуда :

1) сұрау салушы кеден органының және сұрау салу жіберілетін кеден органының атаяуы ;

2) осы Келісімге сілтеме;

3) істің мән-жайын қысқаша сипаттау;

4) осы Келісімнің 5-бабына сәйкес сұрау салуды жіберу негіздері;

5) сұрау салуды орындау нәтижесінде олардың сақталуы тексерілуі тиіс кеден одағы кеден заңнамасының және (немесе) кеден одағына мүше мемлекет заңнамасының ережелері ;

6) сұрау салынған құжаттар мен мәліметтердің тізбесі;

7) сұрау салған кеден органының пікірі бойынша сұрау салуды орындау үшін талап етілетін өзге ақпарат болуы тиіс.

4. Сұрау салудың мәтінінде сілтемелері бар құжаттардың көшірмелері (нормативтік құқықтық актілердің көшірмелерін қоспағанда), сондай-ақ кедендік, коммерциялық, көліктік (тасымалдаушы) және сұрау салудың мәніне қатысы бар өзге де құжаттардың куәландырылған көшірмелері сұрау салуға қоса берілуі мүмкін.

5. Куәландырылған көшірмелердің ұсынылуы жеткіліксіз болған жағдайда құжаттардың түпнұсқаларына сұрау салынуы мүмкін және олар қысқа мерзімде қайтарылуы тиіс.

## 7-бап

### Сұрау салуларды орындау тәртібі

1. Сұрау салу алынған күнінен бастап бір айдан аспайтын мерзімде орындалады. Бұл мерзім қысқартылу қажеттілігі кезінде, сұрау салудың мәтінінде сұрау салудың себебі мен орындалудың қалаған мерзімі көрсетіле отырып тиісті ескерту жасалады.

Осы баптың 3-тармағының 1-тармақшасында көзделген жағдайларда сұрау салуды орындау мерзімі қосымша ақпаратты алу үшін қажетті уақыт кезеңіне ұзартылады.

Сұрау салуды көрсетілген мерзімде толығымен немесе ішінара орындау мүмкін болмаған жағдайда, сұрау салынған кеден органы сұрау салушы кеден органына орындаудың болжамды мерзімдері туралы хабарлайды.

2. Егер кеден органында сұрау салынған ақпарат болмаса, онда ол өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес өз атынан әрекет ете отырып осы ақпаратты алуға шаралар қабылдайды .

### 3 . Сұрау салынған кеден органы :

1) егер бұл сұрау салуды орындау үшін қажетті болса сұрау салушы кеден органына қосымша ақпаратты беру туралы өтінішпен жүргінуге;

2) сұрау салушы кеден органына осы Келісімнің 8-бабында көрсетілген жағдайларда, мұндай бас тарту және оның себептері туралы жазбаша хабарлай отырып,

**сұрау салуды орындаудан бас тартуға құқылы.**

**4. Сұрау салынған кеден органы сұрау салушы кеден органына сұрау салуға жауапты, сондай-ақ тиісті материалдарды сұрау салуы бар хатқа қол қойған лаузымды тұлғаның атына жібереді.**

**5. Сұрау салуға жауапта сұрау салынған кеден органы: сұрау салушы кеден органы сұрау салған құжаттарды (не олардың куәландырылған көшірмелерін) және мәліметтерді;**

**егер сұрау салынған кеден органы кедендік бақылауды өз бастамасы бойынша жүргізген болса, кедендік бақылаудың нысандары мен оның нәтижелері туралы ақпаратты;**

**сұрау салушы кеден органының кеден одағының кедендік заңнамасында және (немесе) сұрау салуды жіберген кеден органының кеден одағына мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген шешімдер мен шараларды қабылдауға ықпал етуі мүмкін өзге құжаттарды (не олардың куәландырылған көшірмелерін) және мәліметтерді ұсынады.**

**6. Кеден органдары осы баптың негізінде алынған ақпаратты пайдалана отырып жүргізілген кедендік бақылаудың нәтижелері туралы мәліметтермен алмасуды жүзеге асырады.**

## **8-бап**

### **Сұрау салу бойынша ақпаратты ұсынудан бас тарту**

**Е г е р :**

**1) сұрау салу осы Келісімнің 6-бабында көрсетілген талаптарға сәйкес келмесе;**

**2) сұрау салушы кеден органы оның мекенжайына сұрау салуды жіберген күнінен бастап екі ай ішінде сұрау салуды орындау үшін қажетті қосымша ақпаратты ұсыну туралы қажетті ақпаратты ұсынбаса;**

**3) сұрау салуды орындау егемендікке, ұлттық қауіпсіздікке зиян келтіруі мүмкін болса, сұрау салынған кеден органына жіберілген кеден одағына мүше мемлекеттің заңнамасына немесе кеден одағына мүше мемлекеттің халықаралық шарттарына қайшы келсе;**

**4) сұрау салынған кеден органына тәуелді емес себептер бойынша сұрау салудың орындалуы мүмкін емес болса;**

**5) сұрау салынған кеден органы осы Келісімнің 5-бабының 2-тармағына сәйкес сұрау салуда көрсетілген негіздерді сұрау салуды орындау үшін жеткілікті деп санамаса сұрау салу бойынша ақпаратты ұсынудан бас тартылады.**

## **9-бап**

### **Ақпаратты өз бастамасы бойынша жіберу**

Кеден одағына бір мүше мемлекеттің кеден органы кеден одағына басқа мүше мемлекеттің кеден органына егер:

1) осы ақпарат кеден одағының заңнамасын және немесе ақпарат жіберілген кеден органының кеден одағына мүше мемлекеттің заңнамасын бұзушылықтар туралы күәландастырын болса;

2) осы ақпарат осы кеден органы үшін мұддені білдіреді деген пікірге өзге де негіздер бар болса ақпаратты өз бастамасы бойынша жібереді.

## 10-бап

### **Нормативтік және өзге құқықтық актілермен алмасу**

Орталық кеден органдары кеден одағына мүше мемлекеттердің кедендік бақылау мәселелері бойынша нормативтік және өзге де құқықтық актілерімен тұрақты алмасуды жүзеге асырады.

**Ш-бөлім. Кеден одағына бір мүше мемлекеттің кеден органының тапсырмасы бойынша кеден одағына басқа мүше мемлекеттің органына кедендік бақылаудың жекелеген нысандарын өткізу**

## 11-бап

### **Кедендік бақылаудың жекелеген нысандарын өткізу туралы тапсырманы жіберу негіздері**

1. Кедендік бақылаудың жекелеген нысандарын өткізу туралы тапсырманы (бұдан әрі - тапсырма) жіберу негіздері:

1) кедендік бақылауда тұрған тауарлардың бар болуын растау қажеттілігі;

2) егер көшпелі кедендік тексерудің өткізілуі қажетті тексерілетін тұлға кеден одағына басқа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылса және (немесе) тіркелсе Кеден одағы Кеден кодексінің 132-бабымен көзделген негіздер бойынша жоспардан тыс көшпелі кедендік тексеруді жүргізу қажеттілігі;

3) кеден одағының кедендік заңнамасы талаптарының және (немесе) тапсырманы жіберген кеден органының кеден одағына мүше мемлекет заңнамасының мүмкін бұзушылықтары туралы күәландаратын деректердің бар болуы болып табылады.

2. Тапсырма осы баптың 1-тармағында көзделмеген басқа негіздер бар болған кезде жіберілуі мүмкін.

## 12-бап

### Кедендік бақылаудың жекелеген нысандарын өткізу туралы тапсырманы жіберу нысаны мен тәртібі

1. Тапсырмалармен және оларға жауаптармен алмасу орталық кеден органдары арасында жүзеге асырылуы .

Орталық кеден органдары бірлесіп айқындаған жағдайларда, тапсырмалармен және оларға жауаптармен алмасу аумақтық кеден органдары арасында жүзеге асырылуы мүмкін .

2. Тапсырма беруші кеден органының бастығы немесе оның орынбасары қол қойған хатпен тапсырма ресімделеді .

Тапсырмалар мен тапсырмаларға жауаптарды электронды поштамен немесе факсимильді байланыспен, оларды кейіннен пошта арқылы жіберумен жолдауға жол беріледі .

#### 3. Тапсырмада :

1) тапсырма беруші кеден органының және тапсырма жіберілетін кеден органының атаяуы ;

2) осы Келісімге сілтеме;

3) істің мән-жайының қысқаша мазмұндамасы;

4) осы Келісімнің 11-бабына сәйкес тапсырманы жіберу негіздері;

5) өткізілуі қажетті кедендік бақылаудың нысаны;

6) оларға қатысты кедендік бақылауды жүргізу қажетті тауар, құжаттар мен мәліметтер, тұлға туралы ақпарат;

7) тапсырманың мәніне қатысы бар материалдар, оның ішінде тапсырманың мәтінінде сілтемелері бар құжаттардың көшірмелері (нормативтік құқықтық актілердің көшірмелерін қоспағанда), сондай-ақ кедендік, коммерциялық, көліктік (тасымалдаушы ) және сұрау салудың мәніне қатысы бар өзге де құжаттардың куәландырылған көширмелері ;

8) олардың сақталуы тапсырманы орындау нәтижесінде тексерілуі тиіс кеден одағы кедендік заңнамасының және (немесе) тапсырманы жіберетін кеден органының кеден одағына мүше мемлекеттің заңнамасының ережелеріне сілтемелер;

9) сұрау салынған құжаттар мен мәліметтердің тізбесі;

10) тапсырма беруші кеден органының пікірі бойынша тапсырманы орындау үшін талап етілетін өзге ақпарат болуы тиіс.

4. Тауарлар шығарылғанға дейін кедендік операцияларды жасаған кезде кедендік бақылаудың жекелеген нысандарын жүргізу қажеттілігі кезінде тапсырма тәуекел

профилін қалыптастыру үшін жеткілікті мәліметтерді беру жолымен ресімделеді. Осындай тапсырмаларды ресімдеу, жіберу және орындау тәртібін орталық кеден органы айқындаиды.

## 13-бап

### **Кедендік бақылаудың жекелеген нысандарын жүргізу туралы тапсырманы орындау тәртібі**

1. Тапсырма ол алынған күнінен бастап екі айдан аспайтын мерзімде орындалады. Бұл мерзім қысқартылу қажеттілігі кезінде, тапсырманың мәтінінде оның себебі мен орындалудың қалаған мерзімі көрсетіле отырып тиісті ескерту жасалады.

Осы баптың 2-тармағының 1-тармақшасында көзделген жағдайларда тапсырманы орындау мерзімі қосымша ақпаратты алу үшін қажетті уақыт кезеңіне ұзартылады.

Тапсырманы көрсетілген мерзімде толығымен немесе ішінара орындау мүмкін болмаған жағдайда, орындаушы кеден органы тапсырма беруші кеден органына орындаудың болжамды мерзімдері туралы хабарлайды.

#### **2. Орындаушы кеден органды:**

1) егер бұл тапсырманы орындау үшін қажетті болса тапсырыс беруші кеден органына қосымша ақпаратты беру туралы өтінішпен жүгінуге;

2) тапсырмада көрсетілген кедендік бақылаудың нысанына кедендік бақылаудың өзге нысандарын қосымша пайдалануға;

3) тапсырыс беруші кеден органына осы Келісімнің 14-бабында көрсетілген жағдайларда, жазбаша хабарлай отырып, сұрау салуды орындаудан бас тартуға құқылы

3. Орындаушы кеден органы тапсырыс беруші кеден органына тапсырысқа жауапты, сондай-ақ тиісті материалдарды тапсырыс бар хатқа кол қойған лауазымды тұлғаның атына жібереді.

#### **4. Тапсырмаға жауапта орындаушы кеден органды:**

1) кедендік бақылаудың өткізілген нысандары және олардың нәтижелері туралы (оның ішінде осы баптың 2-тармағының 2-тармақшасына сәйкес өткізілген кедендік бақылаудың нәтижелері туралы) ақпаратты;

2) кедендік бақылау нәтижелері бойынша ресімделген құжаттардың көшірмелерін;

3) тапсырыс беруші кеден органы сұрау салған құжаттарды (не олардың куәландырылған көшірмелерін) материалдарды, тауарлардың сынамалары мен үлгілерін;

4) алушы кеден органының кеден одағының кедендік заңнамасында және (немесе) тапсырманы жіберген кеден органының кеден одағына мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген шешімдер мен шараларды қабылдауға ықпал етуі мүмкін өзге құжаттарды (не олардың куәландырылған көшірмелерін) және мәліметтерді ұсынады.

## **14-бап**

### **Тапсырманы орындаудан бас тарту**

Е г е р :

- 1) сұрау салу осы Келісімнің 12-бабында көрсетілген талаптарға сәйкес келмесе;
- 2) тапсырыс беруші кеден органы оның мекенжайына сұрау салуды жіберген күнінен бастап екі ай ішінде тапсырманы орындау үшін қажетті қосымша ақпаратты ұсыну туралы қажетті ақпаратты ұсынбаса;
- 3) тапсырманы орындау егемендікке, тапсырма жіберілген кеден органының кеден одағына мүше мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне зиян келтіруі мүмкін болса,
- 4) тапсырма орындаушы кеден органына тәуелді емес себептер бойынша орындалуы мүмкін емес болса;
- 5) орындаушы кеден органы осы Келісімнің 11-бабының 2-тармағына сәйкес тапсырмада көрсетілген негіздерді кедендердің бақылауды жүргізу үшін жеткілікті деп санамаса тапсырманы орындаудан бас тартылады.

### **IV-бөлім. Тәуекелдерді басқару жүйесін қолданумен кедендердің бақылаудың жекелеген нысандарын өткізу**

## **15-бап**

### **Тәуекелдерді басқару жүйесінің шеңберінде кеден одағының кеден заннамасын және (немесе) кеден одағына мүше мемлекеттердің заннамасын бұзы тәуекелдері туралы ақпаратты (бұдан әрі тәуекелдер туралы ақпарат) жіберуге құқылы.**

1. Орталық кеден органдары кеден одағының кеден заннамасын және (немесе) кеден одағына мүше мемлекеттің заннамасын бұзы тәуекелдері туралы ақпаратты (бұдан әрі тәуекелдер туралы ақпарат) жіберуге құқылы.

Бір орталық кеден органынан басқа орталық кеден органына тәуекелдер туралы ақпарат түскен жағдайда, қабылдаушы кеден органының тәуекелдерді талдау және басқару саласындағы уәкілетті бөлімшешің лауазымды тұлғалары:

оны кеден одағына мүше мемлекеттің заннамасына сәйкес келуін талдайды; тәуекелдерді басқару жүйесінің саласында қолданылатын арнайы бағдарламалық құралдардың шеңберінде пайдалану үшін оны формализациялау мүмкіндігін айқындаиды;

анықталған тәуекелдің дәрежесін және тәуекелдің ықтимал теріс салдарларын айқындаиды;

кеден одағына мүше мемлекеттің заннамасымен белгіленген кедендердің бақылауды жүзеге асыру технологиясының ерекшеліктерін есепке ала отырып практикалық іске

а сыру

мұмқіндігін

айқындаиды;

кедендік бақылауды жүзеге асыру үшін маңызы бар өзге негізdemелерді есепке  
алады.

2. Тәуекелдер туралы ақпаратты талдау нәтижелері бойынша оны кедендік бақылау  
мақсаттары үшін пайдалану, не одан бас тарту туралы шешім қабылдануы мүмкін.

3. Бір орталық кеден органынан келіп түскен тәуекелдер туралы ақпараттан бас  
тартылған жағдайда, қабылдаушы кеден органы белгіленген тәртіппен мүдделі тарапқа  
мұндай бас тарту себептері туралы хабарлайды.

4. Кедендік бақылау мақсаттары үшін тәуекелдер туралы ақпаратты пайдалану  
туралы шешім қабылданған жағдайда, қабылдаушы кеден органы кеден одағына мүше  
мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен іс-қимылдарды жүзеге асырады.

## V-бөлім. Кеден органдары қабылдаған шешімдерді өзара тану

### 16-бап

#### Кеден органдарының өзара тануға жататын шешімдері

Кеден органдарының:

1) кеден одағының кедендік аумағына әкелінетін не оның шектерінен тыс әкетілетін  
, кедендік бақылауда тұрған, кедендік транзит кедендік рәсіміне сәйкес кеден одағының  
кедендік аумағы арқылы өткізілетін, уақытша сақталатын тауарларға қатысты кедендік  
операцияларды жүргізу кезінде кеден одағының кеден заңнамасына сәйкес  
қабылданған ;

2) кедендік бақылауды жүргізу кезінде кеден одағының кеден заңнамасына сәйкес  
қабылданған шешімдері кеден одағының кеден аумағында өзара танылады және бірдей  
занды күші бар.

## VI-бөлім. Қорытынды ережелер

### 17-бап Ақпаратты пайдалану

1. Осы Келісімге сәйкес алынған ақпарат құпия сипатта болады және тек қана  
кедендік мақсаттар үшін, оның ішінде сотта, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтар  
мен қылмыстардың алдын алу мен жолын кесу үшін пайдаланылуы мүмкін. Басқа  
мақсаттар үшін ол оны ұсынған кеден органының жазбаша келісімімен ғана  
пайдалануы

мұмқін.

2. Кеден органы осы Келісімге сәйкес алған ақпаратқа, ұқсас сипаттағы және  
мазмұндағы ақпарат үшін кеден одағына осы мүше мемлекеттің заңнамасында  
көзделген дәл осындағы құпиялық режимі қамтамасыз етіледі.

## **18-бап**

### **Тіл**

Осы Келісім шенберіндегі хат-хабармен және ақпаратпен алмасу орыс тілінде жүргізіледі.

## **19-бап**

### **Өзгерістер енгізу**

Осы Келісімге Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## **20-бап Даулар мен келіспеушіліктер**

Осы келісімнің ережелерін түсіндіруге және (немесе) пайдалануға байланысты Тараптар арасындағы даулар Тараптар арасында консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

Егер дауды даудың бір Тарабы даудың екінші Тарабына жіберген оларды жүргізу туралы ресми жазбаша өтініші күнінен бастап алты ай ішінде дау Тараптары консультациялар және келіссөздер жолымен реттемесе, онда дау Тараптарының арасында оны шешуге қатысты басқа уағдаластық болмаған кезде, кез келген дау Тарабы бұл дауды Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Сотына қарау үшін жібере алады.

## **21-бап**

### **Күшіне ену, қосылу және шығу**

Осы Келісімнің күшіне ену, оған қосылу және одан шығу тәртібі 2007 жылғы 6 қазандығы Кеден одағының шарттық-құқықтық базасын қалыптастыруға бағытталған халықаралық шарттардың күшіне ену, олардан шығу және оларға қосылу тәртібі туралы хаттамамен айқындалады.

2010 жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_ қаласында орыс тіліндегі бір түпнұсқа данада жасалды.

Осы Келісімнің түпнұсқа данасы оның куәландырылған көшірмесін әрбір Тарапқа жіберетін Кеден одағының комиссиясында сақталады.

*Беларусь*

*Федерациясының*

*Үкіметі үшін*

*Қазақстан*

*Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Ресей*

*Республикасының*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК